


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ



ОМАРБЕКОВ ТАЛАС

А л м а т ы 2 0 0 8



Handwritten signature or initials, possibly reading "C. H." followed by a horizontal line.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**ОМАРБЕКОВ
ТАЛАС**

Библиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2008

Жауапты редактор

Н. О. Омашев

Құрастырушылар:

*Б. К. Рахимбекова, Э. Д. Телеуова,
З. Майданали, З.С. Махамбетова*

Редакторлар:

Ж. Қ. Таймағамбетов, Д.Т. Нұрғалиева

Омарбеков Талас: библиографиялық көрсеткіш / Құраст.:
Б.К. Рахимбекова, Э.Д. Телеуова, З.Майданали, З.С.Махамбетова; жауапты
ред. Н.О.Омашев; ред. Ж.Қ.Таймағамбетов, Д.Т.Нұрғалиева. Алматы:
Қазақ университеті, 2008. 86 бет.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

**ОМАРБЕКОВ
ТАЛАС**

Библиографический указатель

Алматы
«Қазақ университеті»
2008

Ответственный редактор

Н. О. Омашев

Составители:

*Б. К. Рахимбекова, Э. Д. Телеуова,
З. Майданали, З.С. Махамбетова*

Редакторы:

Ж. К. Таймагамбетов, Д. Т. Нурғалиева

Омарбеков Талас: библиографический указатель /Сост.:
Б.К.Рахимбекова, Э.Д.Телеуова, З.Майданали, З.С.Махамбетова; ответ.
ред. Н.О.Омашев; ред. Ж.К.Таймагамбетов, Д.Т.Нурғалиева. Алматы:
Қазақ университеті, 2008. - 86 с.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбековке арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның өз еңбектері және ол туралы жазылған әдебиеттер хронологиялық тәртіппен енгізілді. Хронологиялық тәртіппен орналасқан көрсеткіштегі жарияланған еңбектер әуелі қазақша, кейін орыс тілінде алфавит бойынша беріліп отыр.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар *de visu* жұлдызшамен белгіленген.

Оқырмандарға пайдалануына ыңғайлы болу үшін бірлескен авторлардың есім көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Биобиблиография посвящена заведующему кафедрой древней и средневековой истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктору исторических наук, профессору Т.Омарбекову.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем, расположенные в хронологическом порядке. Публикации расположены в хронологическом порядке в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, а затем на русском.

Материалы, не просмотренные на *de visu*, отмечены звездочкой.

В именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ.

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР Т. ОМАРБЕКОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Талас Омарбеков 1948 жылдың 29 мамырында Жамбыл облысының Байзақ (бұрынғы Свердлов) ауданы Ақжар ауылында дүниеге келген.

1967-1971 жж. – Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетінің студенті.

1971-1972 жж. – Жамбыл облысының, Жуалы ауданының М. Горький атындағы орта мектептің оқытушысы.

1972 ж. – Жамбыл облысының, Свердлов ауданының Чапаев атындағы орта мектептің мұғалімі.

1974-1975 жж. – Жамбыл облысының, Свердлов ауданының Чапаев атындағы орта мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі.

1975-1977 жж. – Қазақстан КП Свердлов аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің инструкторы.

1977-1980 жж. – Абай атындағы ҚазҰУ-дің аспирантурасына қабылданды.

1980 ж. – Абай атындағы ҚазҰУ-дің СОКП тарихы кафедрасының оқытушысы.

1982 ж. – Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1985 ж. – СОКП тарихы кафедрасының аға оқытушысы.

1988 ж. – СОКП тарихы кафедрасының доценті.

1989 ж. – Қазақстан КП Орталық комитеті жанындағы партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері.

1991-1992 жж. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жанындағы мемлекеттік комиссия expertі.

1994 ж. – Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1994 ж. – Алматының инженер-автожолдары институтының тарих кафедрасының доценті.

1994-1995 жж. – Алматының инженер-автожолдары институтының тарих кафедрасының меңгерушісі.

1995 ж. – ҚазМУ БЖИ-дің (ИПК) тарих және саясаттану кафедрасының меңгерушісі.

1995-1999 жж. – Республикалық «Ақиқат» журналының бөлім меңгерушісі.

1996 ж. – ҚазМУ БЖИ-дің (ИПК) әлеуметтік-гуманитарлық пәндері кафедрасының профессоры.

1997-1999 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы тарих ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөніндегі Д14А.01.26 диссертациялық кеңестің алғашқы төрағасы.

1999 ж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың деректану және тарихнама кафедрасының профессоры.

2001 ж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасында қазірге дейін меңгерушісі.

2004 ж. – «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының директоры.

2005 ж. – Тарихи-этнологиялық «Алаш» журналының ғылыми жетекші редакторы.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА Т. ОМАРБЕКОВА

Талас Омарбеков родился 29 мая 1948 года в ауле Акжар Байзакского района (бывший Свердловский район) Жамбылской области.

1967-1971 гг. – студент исторического факультета КазПИ имени Абая.

1971-1972 гг. – преподаватель истории средней школы им. М.Горького Джуалинского района Жамбылской области.

1972 г. учитель истории в средней школе имени Чапаева Свердловского района Жамбылской области.

1974-1975 гг. - назначен завучем по учебной работе в средней школе имени Чапаева.

1975-1977 гг. – инструктор организационного отдела Свердловского районного комитета партии.

1977-1980 гг. – зачислен в аспирантуру КазПИ имени Абая.

1980 г. – преподаватель кафедры истории КПСС КазПИ имени Абая.

1982 г. – защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата наук.

1985 г. – старший преподаватель кафедры истории КПСС КазПИ имени Абая.

1988 г. – доцент кафедры истории КПСС КазПИ имени Абая.

1989 г. – старший научный сотрудник в Институте истории партии при ЦК Компартии Казахстана.

1991-1992 гг. – эксперт государственной комиссии при Верховном Совете Республики Казахстан

1994 г. – защитил докторскую диссертацию.

1994 г. – доцент кафедры истории Казахстана Алма-Атинского института инженерно-автомобильного транспорта.

1994-1995 гг. – заведующий кафедрой истории Казахстана Алма-Атинского института инженерно-автомобильного транспорта.

1995 г. – заведующий кафедрой истории и политологии ИПК КазГУ

1995-1999 гг. – заведующий отделом журнала «Ақиқат».

1996 г. – профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин ИПК КазГУ

1997-1999 гг. – председатель диссертационного совета Д 14 А. 01.26 по защите диссертации на соискание доктора исторических наук при КазНУ имени аль-Фараби.

1999 г. – профессор кафедры источниковедения и историографии КазНУ имени аль-Фараби.

2001 г. – заведующий кафедрой древней и средневековой истории Казахстана КазНУ имени аль-Фараби по настоящее время.


2004 г. – директор научно-исследовательского центра «Алаш».

2005 г. – научный редактор историко-этнологического журнала «Алаш».

ПРОФЕССОР Т. ОМАРБЕКОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Тарихшы Талас Омарбековтың ата-тегі дәстүрлі қазақ қоғамының тамыры терең тарихына алып барады. 1911 жылы Ресейдің Переселен басқармасының Тәшкентте басып шығарған Сырдария облысының Әулиеата уезіне қарасты МКЗ («Материалы киргизского земледелия») атты жинақта осы аймақтағы белгілі ру басысы Алыбай Төлегеннің шаруашылығы туралы кең көлемді мәліметтер берілген. Дулат тайпасының Шымыр руынан тараған Жаңабай ру тармағындағы белгілі тұлғалардың бірі болған осы Алыбай Төлегеннің Талас шөбересі болып табылады. Талас өңіріне белгілі Алыбайдың ұлы Сырғабай да, яғни Таластың атасы елді отырықшылыққа баулыған қадірменді ру ақсақалы еді. Күні бүгінге дейін Талас өзенінен су тартқан Сырғабай арығын жергілікті ел-жұрт егіншілікте пайдаланып отыр. Сталиндік қуғын-сүргінде бай-кулактарды қуғындау құрбаны болған оның өзі Әулиеата түрмесінде өлді.

Айта кеткен жөн, Шымыр руының Жаңабай ру тармағынан қазақ тарихына белгілі, Кенесарының қырғызға жорығын қолдаған Байзақ датқа Мәмбетұлы шыққан. Әкесі Мәмбет батыр Абылайдың жас батырларының бірі болған Байзақтың өзін қоқандықтардың зеңбірекке байлап атқаны белгілі. Талас осы Байзақ атасының екі саусағы ғана жерленген төбенің баурайында Талас өзенінің бойында қамыс күркеде дүниеге келген. Бұл 1948 жылдың 29 мамыры. Бүгінде бұл аймақ Жамбыл облысының Байзақ (бұрынғы Свердлов) ауданында Ақжар ауылына қарайды. Т.Омарбековтың ата-тек шежіресі төмендегіше таратылады:



Ол 1954 жылы осы ауылдағы сегіз жылдық мектептің бірінші класына барды. Соғыстан кейінгі ұрпақтың басынан кешкен барлық ауыртпалықтарды Талас та басынан өткерді. Жас кезінде әкесі ауыр науқастан қайтыс болып кеткен еді. Жанұядағы жалғыз ұл, әпкесі Мейрамкүл екеуі анасының қамқорлығымен адам болды. Дүние танымы кең, көргені көп, ұзақ жылдар аудандық кеңес депутаты болып, еңбек озаты атанған және 1954 жылы Мәскеудегі Халық Шаруашылығы Жетістігі көрмесіне арнайы жолдама алған дарқан пейілді, кең жүректі ана өзін тәрбиелеген көшпелі қазақ қоғамының игі қасиеттерін ұлының бойында қалыптастыру жолында аянып қалған жоқ.

Бірінші сыныпқа ол тұста оқудан қалып кеткен әртүрлі жастағы балалар бара беретін. Колхоздың сауын фермасында сауыншы болып еңбек ететін анасы жалғыз ұлын шалғайлау орналасқан ауылдағы мектепке оқуға жіберуге асыға қоймады. Солай бола тұрса да, Алланың нышаны болар, Талас бірінші сыныпқа сиыр фермасынан ауылға қатынап оқитын басқа да оқушылармен бірге анасынан жасырынып, қашып барады. Осылайша, Таластың бүкіл өмірін қамтыған оқу-іздену сапары басталды. Алғашқы күннен-ақ оқуға деген құштарлығын танытқан баланы ұстаздары мейлінше қамқорлығына алды. Оған әсіресе, бесінші сыныпқа пән ретінде оқытыла бастаған «Ерте дүние тарихы» пәні қатты ұнаған болатын. Бұл кезең мектептерде әлі қазақ тіліндегі тарих оқулықтарының тарала қоймаған уақыты еді. Сондықтан да ұстаздардың оқушыларына тарихқа байланысты тақырыптарды ежелеп айтып жаздыруына тура келді.

Ежелгі перғауындардың, атақты императорлардың жорықтары туралы қызықты ежелгі тарихтың беттері сол жылдардың өзінде-ақ Таласты тарихты сүйіп оқуға бейімдеді. Орта мектептегі үздік оқу сегізінші сыныптан соң «Трудовой-пахарь» колхозы орталығындағы он бір жылдық мектепте жалғасты. Мектепті бітіргенде мемлекеттік аттестатпен бірге үшінші сыныпты тракторист мамандығын қоса алып шыққаны кейіннен кәдеге жарады. Колхоз өндірісінде біраз жыл трактористің көмекшісі, токарь оқушысы, қойшы болып еңбектеніп күн көруге де тура келді. Ол жылдар көбіне жоғары оқу орнына тамыр-таныстықпен студент болып қабылданатын заман болғанын бүгінгі аға ұрпақ жақсы біледі. Оның үстіне тарихшыларды тек Алматы оқу орындары аз көлемде дайындайтын. Өзі қалаған мамандығына екі жыл бойы қатарынан түсе алмаған ізденімпаз жас талаптанып, Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетінің сырттай оқытатын бөліміне бағын сынап, оқуға түсіп кетті. Мойынқұм төбелерінің күнгей бетіне қой отарын иіріп тастаған Талас, өзімен бірге алып жүретін тарихи әдебиеттерді құныға да құмарта оқушы еді. Институтта о бастан-ақ жақсы оқыған ол ұстаздарының назарына ілікті. Сол тұстағы белгілі ғалымдар – институт ректоры С.Е.Толыбеков, факультет деканы Н.Киікбаев, алғашқы оқу жылының қорытындысымен Т.Омарбековты іштейгі бөлімге ауыстыру туралы шешім қабылдады. С.Е.Толыбековтың бұйрығымен бірденнен іштейгі бөлімнің екінші курсына қабылданған ол, өзінен бұрын оқуға түскен әріптестерін қуып жетті.

Осылайша бірнеше жыл бойы аңсаған арманға да қол жеткендей болды.

Тарих факультетіндегі оқу жылдарында талапты жас өзінің тарихқа деген құштарлығымен ерекшеленді. Кафедрада ол «Ежелгі және ортағасырлар тарихы» бойынша маманданды. Курстық жұмыстардың өзі осы жылдары ортағасырлар тарихына арналды. Төртінші курста студенттердің ғылыми конференциясында жасаған баяндамасы Республикада екінші орынға ие болып, Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің «Құрмет грамотасымен» және заттай сыйлықтармен марапатталды. Ғылымдағы осындай алғашқы жетістіктері үшін Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры С.Е.Толыбеков монографиялық зерттеу еңбекті өзінің ескерткіш қолтаңбасымен арнайы сыйлап, жас тарихшыға құрмет көрсетті. Республикаға қазақтың көшпелі қоғамы туралы еңбегімен белгілі мәртебелі ғалымның мұндай назары Т.Омарбековты қанаттандыра түсті. Тарих факультетінде оқыған жылдары Талас Омарбековтың тарихшы ретінде қалыптасуына әсіресе, 1938 жылы Қазанда қазақтан тұңғыш рет тарих ғылымдарының кандидаты атағын алуға диссертация қорғаған және Қазан жоғарғы оқу орнының түлегі профессор Х.М.Әділгереев басты рөл атқарды.

Кезінде қазақтан шыққан алғашқы тарих ғылымының докторы Е.Бекмахановпен бірге қуғындалған және айдауда болған Х.М.Әділгереевтің ұлт-азаттық қозғалыстары тарихынан оқыған дәрістері Т.Омарбековтың тарихи санасын отансүйгіштік рухта біржолата қалыптастыруға аса зор ықпал жасады.

Оның үстіне бұл І.Есенберлиннің Кенесары хан туралы “Қаһар” атты тарихи романы жарыққа шыққан, қазақ зиялылары арасында бұл мәселеде әртүрлі пікірлер өрбіген қайшылықты заман еді. Мұның өзі жас тарихшының ұлт тарихының күрделі мәселелеріне тереңдете ой жүгіртуіне жол ашты.

Тарих факультетін бітіргеннен кейін 1971 жылы ол Жамбыл облысының Жуалы және Байзақ аудандарында тарих пәнінің оқытушысы, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1972 жылдан бастап Талас Омарбеков өзі еңбек ететін Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Чапаев атындағы орта мектепте алғаш рет «Тарих және археология» музейін ұйымдастырды. Бұл музейге Талас Омарбековтың кезінде Тараз қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге қатысқан облыстық музейдің ғылыми

қызметкерлерімен бірге жүргізген аудан өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерге, ежелгі Охум қаласына қазба жұмыстарының нәтижелері, олардан табылған археологиялық ескерткіштер, ежелгі түркі тас мүсіндері және т.б. қойылған еді. Кезінде ортағасырлық Таразды қазуға қатысқан Т.Н.Сенигованың әріптесі Н.И.Поповтың қолдауымен Т.Омарбеков Тегістік төрткүлдеріне де қазба жұмысын жүргізді. Сонымен қатар дәл осы жылдары жас тарихшы Тараз өңіріндегі, Жібек жолы бойындағы ортағасырлық елді-мекендер, төрткүлдер және қамалдар тарихына байланысты баспасөз беттерінде мақалалар жариялай бастады. Осындай еңбектердің бірі «Ортағасырлық Охум қаласының тарихына» арналған еді. Жан-жақты зерттеу нәтижесінде дүниеге келген бұл ғылыми мақаланы кезінде Қазақстанның белгілі археологы, кейіннен «Алтын адамды» тапқан Кемел Ақышев қолдап, сол кісінің жағымды жазбаша пікірімен ол Республикалық «Білім және Еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында басылып шықты. Егер Алматы «жабық» қала болмаса Т.Омарбеков археолог мамандығын ұстанып кете берер ме еді, бәлкім.

Сонымен бірге 1972 жылдан бастап Т.Омарбеков Республикалық баспасөз беттерінде тарихты оқыту әдістемесіне арналған өзінің көлемді мақалаларын жариялай бастады. Республикалық «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде және «Қазақстан мектебі» журналында оның осы мәселеге байланысты еңбектері жүйелі түрде жарияланды. Мұндай мақалалардың өмірге келуіне басты себеп, тарих факультетінде оқыған жылдары болашақ тарихшының тарих пәнін оқыту әдістемесімен белсенді түрде айналысуы еді. Мектептегі белсенді ұйымдастырушылық, ұстаздық және ғылыми жұмыстары ескеріліп, 1974 жылы ол Республиканың басшы органдары белгілеген «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісіне ие болды. Алайда жас ұстаздың алғашқы еңбек жолы тақтайдай тегіс болды десек жалған айтар едік. Зерттеу жұмыстарының жүйелі түрде жалғастырылуына кедергілер де болды.

Коммунистік партияның билігі жүріп тұрған заманда аудандық партия комитетінің басшылары жас тарихшыны әкімшілік аппаратқа зорлап шақыртып алды. Ғылым жолын ұстанған жас тарихшы енді партия чиновнигі болуға амалсыз көнді. Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде 1975 жылдан бастап еңбек етуге мәжбүр болған зерттеушінің алдынан болашақ

әкімшілік қызметтеріне жол ашылса да, оның тарихшы ретінде қалыптасуына қиындық туды. Ежелгі Талас өзені бойындағы ортағасырлық елді мекендер тарихы оны қатты қызықтырса да партия қызметкерлеріне бұл мәселе ұнай қойған жоқ.

Т.Омарбековтың 1972 жылдан басталған Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихын зерттеуге бағытталған еңбектерінің баспасөзде жарық көруі тіптен аудан басшыларының наразылығына да кездесті. Партия қызметіндегі адамның партия жұмысы туралы жазудың орнына, ежелгі тарихпен айналысуы партия аппараты қызметкерлеріне түсініксіз нәрсе еді. Осы мәселеге байланысты Т.Омарбековтың қызметі арнайы партия жиналысында да талқыланып, оған партия ұйымдарының жұмысы туралы жазу қажеттігі арнайы және қатаң ескертілді. Осыдан соң Т.Омарбеков аспирантураға кетуге біржолата шешім қабылдады. Бірақ, ол жылдары аспирантура мақсатты болғандықтан, оған жоғарғы оқу орындарының жолдамасымен ғана оқуға түсу мүмкін болды. Сондықтанда тарих факультетін бітіргеннен соң 1971-1977 жылдар аралығында барлық кандидаттық минимумдарды тапсырғанына карамастан және осы жылдары жиырмаға тарта тарихи-зерттеу мақалаларын жариялай түрса да, Т.Омарбековтың аспирантураға түсуі аса қиын болды.

Ізденуші ретінде тіркелген ол кеңестік кезеңдегі Қазақстан колхоздары тарихын зерттеумен айналыса бастады.

1977 жылы өзі білім алған Абай атындағы ҚазПИ-дің жаңа ректоры, тарихшы Ж.Жұмабековтың, онан соң Қазақстан Республикасы оқу министрінің орынбасары Л.Рүстемовтың қабылдауында болған ол, жаңадан ашылған Арқалық педагогика институтының жолдамасымен аспирантураның іштей оқу бөліміне қабылданды. Келісім шарт бойынша Т.Омарбеков аспирантураны бітірген соң, осы институтқа жұмысқа баратын болды.

Алайда аспирантураның үшінші жылында ғылыми жетекшісі Ж.Жұмабековтың мезгілсіз қайтыс болуы, диссертация қорғауды қиындата түсті. 1980 жылы аспирантураны аяқтаған жас тарихшыны өзі тәрбиелеген ұжым Арқалыққа жібермей, алып қалды. Бұл істе ҚазПИ-дің проректоры, кейіннен Ақтөбе педагогикалық университетіне ректор болған М.Ғ.Арыновтың ерекше қамқорлық жасағанын айта кеткен жөн. Абай атындағы ҚазПИ-ге ректор болып келген қазір академик Қ.Ә.Қасымов жас маманға жағдай

жасап, үй берді. Осында ол Н.Киикбаев, И.Шәмшәтов, Қ.Шүлембаев тәрізді бұрынғы ұстаздарымен бір ұжымда еңбек ете бастады және қатардағы ассистенттен доценттік қызметке дейін өсті.

1982 жылы ол колхоз құрылысы тарихына арналған кандидаттық диссертациясын қорғады. Алайда 1988 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының басшылығында болған өзгерістерге сәйкес Қазақстан тарихын жаңаша, қайта жазу туралы әңгімелер көтерілді. Осы тұста жас ғалым Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтының тарих секторына аға ғылыми қызметкер қызметіне шақырылды. Бұл мекемені ол тұста есімі КСРО-ға мәлім академик Б.А.Төлепбаев басқаратын еді. Сол кезде Қазақстандағы идеологиялық мәселелерді Орталық Комитеттің хатшысы Ө.Жәнібеков және идеология бөлімінің меңгерушісі Қ.Сұлтанов басқаратын. Қазақ тарихына жаны ашитын осындай тұлғалардың тікелей қамқорлығымен зерттеу жұмыстарын жаңаша жандандыруға толық мүмкіншілік туды.

Бұрыннан ауыл халқының тарихи өркендеу жолын зерттеумен белсене айналысқан жас ғалым осы тұста партия тарихының құпия мұрағаттарын тереңдете зерттеп, күшпен ұжымдастыру жылдарындағы жан түршігерлік зобаландарды әшкерелейтін салмақты да негізді ғылыми мақалалар жазуға ден қойды. Алайда қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау тұрғысынан жазылған мұндай еңбектер қоғамда бірден түсіністік таба алған жоқ. Коммунистік партия әлі билікте отырғанда, шын мәнінде оның бұрынғы саясатын сынға алатын зерттеулерді халық назарына ұсыну тіптен тарихшылардың кейбіріне де ұнай қоймады. Осының нақты көрінісі Т.Омарбековтың «Голощекин геноциді» атты көлемді тарихи зерттеуі еді. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген бұл еңбек басым көпшілігі орыс тілді және Компартияға берілген ғалымдардан тұратын Партия тарихы институты қызметкерлерінің наразылығына ұшырады. Ұжым дирекция мәжілісінде Т.Омарбековтың еңбегін арнайы талқылап, зерттеушіге қатаң ескерту жасады. Ескіше партиялық ұстанымға негізделген коммунист тарихшылардың мұндай көзқарасы көп кешікпей-ақ баспасөз бетінде әшкереленіп, Т.Омарбековты қорғауға журналистер қауымы белсене араласты. Мұнда әсіресе Шерхан Мұртаза басқарған «Егемен Қазақстан» газетінің белсенділік көрсеткенін, осында жарық көрген материалдардан байқауға болады.

Дегенменде уақыт әрине басқа еді. Қоғамда белсенді түрде көрінген жариялылық пен демократия ахуалы адамдардың көзқарастарын да өзгерте бастаған болатын. Егерде мұндай жағдай сәл бұрынырақ, тоталитарлық жүйенің қуғын-сүргіні тұсында орын алған болса, тарихшының тағдыры қалай болары белгісіз еді.

1991 жылы Коммунистік партияның тарауы Т.Омарбеков тәрізді ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша ойлайтын тарихшылардың зерттеу жұмыстарына кең жол ашты. ОГПУ-дің құпия мұрағаттарынан алынған құжаттар мен деректерді көптеп жариялауға, кезкелген тарихи тақырыпқа кең құлашпен жан-жақты талданған әртүрлі мақалалар жазуға толық мүмкіншіліктер туды. Осындай жағдайда Т.Омарбеков Қазақ Ұлттық университетінің (ол кезде ҚазМУ) тарих факультетіне доценттік қызметке шақырылды. 1991-1995 жылдар аралығында ол осында қажырлы да жемісті еңбек етіп, жаңа зерттеулерді дүниеге келтірді. Олардың ішінде қазақ тарихының «ақтаңдақтары» қатарына жататын 1929-31 жылдардағы Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстары алғаш рет терең зерттеліп, өзінің ғылыми бағасын алды. Университеттегі профессор С.Қ.Жақыпбек бастаған кафедра ұжымы ғалымның зерттеулерін барынша қолдады.

Белгілі жазушы ғалым М.Мағауин Т.Омарбековтың күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістері туралы еңбектерін алғаш байқап, «Жұлдыз» журналының бірнеше сандарында жалғастыра үздіксіз жариялауға мүмкіндік туғызды. 1994 жылы бұл зерттеулер «Зобалаң» деген атпен арнайы монографиялық зерттеу түрінде «Санат» баспасынан жарық көрді. Осылайша, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қазақтың көптеген абзал азаматтарының есімдері қалпына келтірілді, елге мәлім болды.

Республикалық «Ана тілі» газетінде қазақ байларын ғылыми тұрғыдан ақтап алуға бағытталған алғашқы еңбектерді жазған да Т.Омарбеков еді. Нақты тарихи деректер негізінде ғалым мұнда да тарихи шындықты қалпына келтіруге көп үлес қосты.

Осылайша ол алғашқылардың бірі болып 1928 жылы тәркіленген қазақ байларын ғылыми тұрғыдан ақтауға бағытталған жаңа көзқарасты қалыптастыруға негіз қалады. Зорлап отырықшыландырудың және бай-кулактарды жаппай жою саясатының ауыр зардаптары ғалым еңбегінде тұңғыш рет жан-жақты әшкереленді. Осылайша, қазақ тарихында ХХ ғасырдың 20-30-шы жылда-

рындағы әлеуметтік-саяси процестерге әділетті ғылыми баға беруге негіз қаланды. Осы жылдары Т.Омарбеков Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі жанындағы мемлекеттік комиссия құрамында жазықсыз тәркіленген қазақ байларын ақтау жұмысымен белсенді айналысты. Ол Қазақстан тәуелсіздік алған бетте Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті мұрағаттарын зерттеуге мүмкіндік алған алғашқы тарихшылардың бірі. Бұл комиссияның аса көлемді және нақты деректерге негізделген ғылыми қорытындысы кезінде Республикалық баспасөз беттерінде (Қараңыз: «Егемен Қазақстан», 1992, 22 желтоқсан) жарық көрді. Онда зерттеуші Қазақстандағы 1929-1931 жылдардағы көтерілістерге, қазақтардың босқыншылыққа және алапат аштыққа байланысты қасіретіне қатысты тұжырымдарды жазуға ат салысты.

Тәуелсіздік рухы жұртшылықтың тарихи санасын қозғап, туған тарихымызға деген зор құлшынысты, үлкен ынтаны туғызды. Осыған байланысты ақпарат құралдары да тарихи тақырыптарда тарихи очерктерді, әртүрлі мақалаларды көптеп жариялауға кірісті. Олардың арасында Т.Омарбековтың сұхбаттары, пікірлері және мақалалары өзіндік орын алып, тарихи үрдістерге жаңаша көзқарасымен ерекшеленді.

Әсіресе, республикалық «Ана тілі», «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ақиқат» тәрізді басылымдар ғалым еңбектерін жүйелі түрде жариялады.

Көп жылға созылған жүйелі зерттеудің үлкен қорытындысы ғалымның 1994 жылы докторлық лауазым алу үшін академик К.Нүрпейісовтың ғылыми кеңесшілігімен диссертация қорғауы еді. Диссертациялық жұмыс «Қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру» тақырыбына арналды. Диссертацияны талқылау барысында Қазақстанның белгілі ғалымдары, жазушылары және журналистері үлкен белсенділік танытты және Ұлттық Ғылым Академиясының Ғылыми Кеңесі бірауыздан ғалымға ғылым докторы дәрежесін берді. Бұл тарихи шындықтың бар дауыспен айтыла бастаған кезі еді. Солай бола тұрса да зерттеушілер арасында бұрынғы ұстанымдардан бас тарта қоймаған ғалымдар да әлі баршылық еді. Мұның өзі тәуелсіздік алғанымызға бірнеше жыл өтсе де бұрынғы «жабық» тақырыптарды зерттеу ісінің оңайға түсе қоймағанын байқатады. Осыны оқырман айқын аңғарсын деген оймен биобиблиографиялық көрсеткіш соңына

Т.Омарбековтың докторлық диссертация қорғауындағы пікір-таласты қаз-қалпында беріп отырмыз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ақпарат құралдары үшін тарихи тақырыпта еңбектер жазуда Т.Омарбеков белсенділік көрсетті. Осы жылдары ол «Ақиқат» журналының бөлім меңгерушісі, жаңадан ашылған «Қазақ тарихы» журналының қызметкері, әрі редакциялық алқа мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газетінің тарихи тақырыптарға байланысты ғылыми кеңесшісі қызметтерін жоғары оқу орындарындағы оқытушылық қызметтерімен қоса атқарды. Осындай белсенділігі бағаланған ол, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» екі рет марапатталды. Ғалым еңбектері әсіресе қуғын-сүргін құрбандарын арнайы еске алу жылдарында жұртшылықтың, зиялы қауымның назарын аударды. Ол шын мәнінде республикаға кеңінен танымал болып, осы тақырыптан белгілі тарихшы-маман ретінде жаппай мойындалды. Сонымен қатар, 1997 жылы Қазақстанның қоғамтанушы ғалымдары Т.Омарбековты бірауыздан ҚР-дың әлеуметтік ғылымдар Академиясының мүшесі (академигі) деп танылды.

Сондықтан да оны 1997 жылы Республиканың белгілі тарихшыларымен бірге президент Н.Ә.Назарбаев қабылдап, тарихқа байланысты өзекті мәселелерді талқылауға шақырды. Дәл осы жылы Т.Омарбековтың «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» атты монографиялық зерттеуін президенттің нұсқауымен Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі қаржыландырып, «Санат» баспасынан шығарды.

Бұл маңызды іске қамқорлық жасап, осы еңбекті үкімет тарапынан қаржыландыруға тікелей мұрындық болған, осы министрлікте министрдің орынбасары қызметінде болған, бүгінде елімізге белгілі азамат, үлкен жазушы Әлібек Асқаров еді. Осындай ұлтжанды тұлғалар болмаса, өзекті еңбектер де елеусіз қалар. Әртүрлі тарихи тақырыптарға және қуғын-сүргінге байланысты мемлекеттік комиссиялар құрамында жұмыс жасай жүріп, Т.Омарбеков жоғары мектептен қол үзген емес. Ол 1995-96 жылдары Алматы теміржол транспорты институтының (М.Тынышпаев атындағы транспорт және коммуникация академиясы) ректорының арнайы шақыруымен «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1996 жылы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орындарының біліктілігін жетілдіру институты оны

«Тарих және саясаттану» кафедрасына меңгерушілік қызметке шақырды. Осында ол әрі профессор ретінде жоғары оқу орындары оқытушыларының алдында дәрістер оқыды.

Ұзақ жылдар бойы құпия мұрағаттар қорларында еңбектенгендіктен Т.Омарбековтың дәрістері тың деректерінің молдығымен, мәселеге жаңаша ұлттық көзқарастардың басымдығымен ерекшеленетін еді. Сонымен қатар ол, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде профессорлық қызметін жалғастырды. Осында ол кеңестік-тоталитарлық жүйе жылдарындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» мәселелеріне арналған өзінің «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» атты көлемді монографиялық еңбегін баспадан шығарды. Тарихшылардың ғана емес, жалпы зиялы қауымның үлкен сұранысына ие болған бұл кітап баспагерлердің өздерінің белсенділігімен араға екі жыл салып көп данамен қайта басылып шықты. Екі түрлі баспада қайталап басылған бұл еңбектің ғылыми құндылығы сөзсіз. Мұнда XX ғасырдағы тарихымыздың бұрын назардан тасада қалып келген өткір тұстары баса көрсетілген.

Т.Омарбековтың ғылыми-педагог кадрлар дайындаудағы еңбегі де бір төбе. Оның 1997-99 жылдары ҚазҰУ жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беретін диссертациялық кеңестің алғашқы төрағасы болғаны белгілі. Сондай-ақ, оның өзінің тікелей ғылыми жетекшілігімен 4 ғылым докторы және 25 ғылым кандидаты диссертациялар қорғады. Олар бүгінде республиканың көптеген университеттерінде ғалым-ұстаз.

2001 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Т.Ә.Қожамқұлов басқарған жаңа басшылығы оны «Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы» кафедрасына меңгерушілік қызметке тағайындады. Мұнда Талас Омарбеков өзінің көп жылдардан бергі Қазақстанның ортағасырлар тарихы мәселелеріне арналған еңбектерін қорытындылауға және қайта жандандыруға толық мүмкіншілік алды. Мұның өзі студенттерге ежелгі түркі дәуірінен және ортағасырлардағы Қазақстанның өзекті және этникалық мәселелерінен арнайы және жалпы курстардан дәрістер оқумен қатар жүргізілді. Арада бір жылдан кейін университет ұжымы ізденімпаз ғалымның еңбектерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына бірауыздан ұсынып, оған деген өздерінің шынайы ықыластарын білдірді.

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері Талас Омарбековтың өзінің 30 жасында дүниеден мезгілсіз озған ұлы, тарих ғылымдарының кандидаты Шыңғыс Омарбековпен бірігіп жазған «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты көлемді зерттеулері шын мәнінде ұзақ жылдарға созылған байырғы жұмыстардың нақты қорытындысы еді.

2005 жыл ғалым өмірінде рухани тұрғыдан терең із қалдырды. Ол осы жылы Мекке – Мединада Кіші қажылық міндетін өтеді. Сондай-ақ осы жылы Талас Омарбековтың ғылыми өмірбаянында да жаңа серпіліс байқалды. Ол қазақтың 1993 жылғы алғашқы ұлттық теңгесінің авторларының бірі Хайролла Ғабжалиловпен бірге, оның қаржылай қолдауымен және рухтандыруымен қазақ рутайпаларының тарихын зерттейтін «Алаш» тарихи-зерттеу орталығын ұйымдастырды. Орталықта алғашқы күннен бастап-ақ жұмыс қызды. Сирек кездесетін тарихи деректер мен қолжазбаларды іздестіру және жинастыру қолға алынды. Бұл орталықтың тағы бір ерекшелігі – басқа зерттеу орталықтары мен институттары негізінен мемлекеттік «Мәдени мұраға» сүйеніп деректерді басып шығарумен айналысса, мұнда бірденнен рутайпалар тарихынан монографиялық іргелі зерттеулер жазу қолға алынды. Міне, жұмыс жасағанына бірнеше жыл болған осы ғылыми орталықта бүгінгі күні қазақтың белгілі тайпаларының он тоғыз кітаптан тұратын тарихы жарық көрді.

Ұлт тарихының абзал жанашыры және табанды қамқоршысы Х.Ғабжалиловтың қаржылай қолдауымен және тікелей ұйымдастыруымен тарихшылар «Алаш» ғылыми журналын шығару ісін қолға алды. Журналдың ғылыми келбетін және өзіндік концепциясын қалыптастыруда оның ғылыми жетекші редакторы ретінде Т.Омарбеков аз еңбек сіңірген жоқ. Жарық көргеніне үш жыл тола бастаған орталықтың ғылыми үні болып табылатын «Алаш» тарихи-этнологиялық журналы бүгінде республика тарихшыларына кеңінен мәлім. Екі айда бір рет жарық көретін көлемді де іргелі осы журнал беттерінде Талас Омарбековтың өзінің де көптеген сұхбаттары, ғылыми зерттеу мақалалары, әртүрлі сын-пікірлері көптеп жарық көруде.

Олардың біразы таяуда ғана баспадан «Тарихпен өрілген тағдыр» деген атпен жарық көрген көлемді жинаққа енді. Айта кеткен жөн, бұл кітапқа Т.Омарбековтың тарих пәнінің орта

мектептегі оқытушысы болған алғашқы ұстаздық жылдарындағы тырнақалды туындылары да көптеп енгізілген. Бұлардың ішінде бүгінгі оқырман назарынан тыс қалып келгендері де баршылық.


2007 жылы Хайролла Ғабжалиловтың басшылығымен және қаржыландыруымен, сондай-ақ Талас Омарбековтың ғылыми жетекшілігімен жұмыс жасап жатқан «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы «Жылдың үздік ғылыми зерттеу орталығы» номинациясына ие болды. Республиканың Ақпарат министрлігі бұл орталыққа «Халық қалауы» номинациясын тапсырды. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі осы орталықты ресми түрде аккредитациядан өткізді және оған ғылыми жобаларды гранттарға ұсынуға толық рұқсат берді. Бүгінгі күні республикалық «Мәдени мұра» қоры осы ешбір ғылыми-зерттеу институтына ұқсамайтын, өзіндік зерттеу жұмысын ұйымдастыру дағдысы қалыптасқан, кітапханасында 3000-ға тарта Петербордың, Мәскеудің, Қазанның, Ташкенттің сирек кездесетін кітап қорларынан алынған бай деректер бар орталықты қаржыландыру туралы мәселе көтеруде.

Көптомдық қазақ тарихын және қазақты құраған ру-тайпалардың ежелгі кезеңнен бергі тарихын шұқшия зерттеген «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының болашағы зор екендігі күмән туғызбайды. Осы орталықтағы үздіксіз ғылыми зерттеу жұмысын Қазақ ұлттық университетіндегі қызметімен тиімді ұштастыра білу Талас Омарбековтың ғылымдағы тынысын кеңейте түсті. Ол бүгінгі күні осы университеттің Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі, Республика Білім және Ғылым министрлігінің оқу-әдістемелік басқармасының «Қазақстан тарихы» секциясының қоғамдық негіздегі төрағасы, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы тарих ғылымынан докторлық дәреже беретін диссертациялық кеңес мүшесі, «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығының директоры, «Алаш» тарихи-этнологиялық ғылыми журналының ғылыми жетекші редакторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тарих сериясы бойынша «Хабаршы» журналында бас редактордың орынбасары. Сондай-ақ, профессор Т.О. Омарбеков 2007 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ,
ОРГАНИЗАТОРСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА
Т.О. ОМАРБЕКОВА**

Генеалогические корни историка Таласа Омарбекова уходят глубоко в историю традиционного казахского общества. В «Материалах по киргизскому землепользованию», изданных в Ташкенте в 1911 году Российским Переселенческим управлением, касательно Аулиетинского уезда Сырдарьинской области, приводятся обширные сведения о хозяйстве известного старейшины рода Алыбае Толегене. Одной из известных личностей подрода Жанабай рода Шымыр племени дулат был Алыбай Толеген, его правнуком является Талас. Сын Алыбая, Сыргабай, также был одним из знатных людей в Таласском регионе, почетным аксакалом рода, призывавшим народ к оседанию и ведению земледельческого хозяйства. До сегодняшних дней местное население использует для земледелия арыки, протянутые Сыргабаем из реки Талас. В период сталинских репрессий и борьбы с байством и кулачеством он умер в тюрьме Аулие-Аты.

Еще один важный момент. Из подрода Жанабай рода Шымыр вышел известный в казахской истории Байзак датка Мамбетулы, поддержавший поход Кенесары против кыргызов. Его отец, Мамбет батыр, был одним из молодых батыров-сподвижников Абылая. Сам Байзак подвергся жестокой казни, он был привязан кокандцами к жерлу пушки. На берегу реки Талас в камышовом шалаше у подножия холма, где были захоронены только два пальца предка Байзака, 29 мая 1948 года родился Талас. В настоящее время этот регион относится к аулу Акжар Байзакского района (бывший Свердловский район) Жамбылской области. Генеалогия Т.О.Омарбекова выглядит следующим образом:



В 1954 году он пошел в первый класс аульной восьмилетней школы. Все трудности, выпавшие на долю послевоенного поколения, не обошли стороной и Таласа. Участвовавший в молодые годы в финской и Великой Отечественной войнах, вернувшийся живым домой, отец вскоре скончался от тяжелой болезни. Единственного в семье мальчика и его сестру Мейрамгуль подняла на ноги их мать. Она долгое время являлась депутатом районного совета и отличником труда, получила специальное приглашение в 1954 году в Москву на Выставку достижений народного хозяйства (ВДНХ). Обладавшая широким кругозором, богатым жизненным

опытом, великодушным материнским сердцем, она старалась воспитать в сыне лучшие качества, присущие казахскому народу.

В первый класс в то время ходили дети разных возрастов, отставшие от учебы. Работавшая на колхозной ферме дояркой мать не торопилась отдавать своего единственного сына в расположенную подалеку аульную школу.

И Талас в первый класс тайком от матери убежал вместе с другими ребятами по дороге с фермы в аул. Так началась определяющая всю его последующую жизнь дорога постижения наук и знаний.

С первых дней старательного и проявляющего способности к учебе мальчика заметили и поддержали учителя. Больше всего ему нравился предмет, который начали изучать в 5 классе, «История древнего мира». В тот период школы были плохо обеспечены учебниками, в особенности по истории на казахском языке. Поэтому пересказываемые учителями исторические темы учащиеся записывали. Увлекательные страницы истории о древних фараонах, завоеваниях знаменитых императоров вызывали у Таласа интерес к изучению истории. Закончив с отличием восемь классов, он продолжил учебу до 11 класса в средней школе колхоза «Трудовой пахарь». Вместе с государственным аттестатом по окончании школы он получил специальность тракториста третьего разряда, которая ему позже пригодилась в жизни.

В колхозном производстве некоторое время ему пришлось работать помощником тракториста, учеником токаря, чабаном. Старшее поколение хорошо знает, что в те годы стать студентом многих высших учебных заведений можно было только по родственным связям и знакомству. Кроме того, историков готовили только в Алматы и в малом количестве. На выбранную специальность он не мог поступить два года подряд, после чего стал студентом заочного отделения исторического факультета КазПИ им. Абая. Продолжая работать чабаном, в степях Моюнкума выпасая овец, он всегда с особым интересом читал историческую литературу. С первых дней обучения в институте своим отличным прилежанием он вызвал внимание у педагогов. Учитывая это, известные ученые, ректор института С.Е.Толыбеков, декан факультета Н.Киикбаев, приняли решение по итогам первого года обучения перевести его на очное отделение. По приказу

С.Е.Толыбекова его сразу перевели на второй курс очного отделения, таким образом, он смог догнать поступивших раньше сверстников. Так стала осуществляться его многолетняя мечта.

В годы обучения на историческом факультете он ярко проявил свои творческие способности к изучению истории. На кафедре он специализировался по древней и средневековой истории. Курсовые работы посвятил средневековой истории. На 4 курсе его доклад на студенческой научной конференции занял второе место в республике, он был награжден «Почетной грамотой» ЦК ЛКСМ Казахстана и ценным подарком. Отметив первые успехи в науке, ректор КазПИ им. Абая С.Е.Толыбеков подарил ему свою монографию с памятной надписью.

Внимание ученого, известного в республике своими трудами по кочевому обществу казахов, окрылило Т.Омарбекова. В годы учебы на историческом факультете в становлении его как историка большую роль сыграл выпускник Казанского университета, профессор Х.М.Адилгереев, первый казах, защитивший в 1938 году в Казани кандидатскую диссертацию.

Лекции Х.М.Адилгереева, который в свое время подвергся репрессиям и гонениям вместе с первым доктором наук из казахов Е.Б.Бекмахановым, по истории национально-освободительных движений оказали большое влияние на формирование исторического сознания и духа патриотизма у Т.Омарбекова.

Вместе с тем в то время вышел роман Ильяса Есенберлина «Кахар», посвященный Кенесары-хану, вызвавший полемику среди интеллектуальной общественности республики. Все это повлияло на формирование у молодого историка интереса к национальной истории, к анализу сложных проблем исторического процесса.

После окончания исторического факультета в 1971 году он работал учителем истории, завучем средних школ в Жуалинском и Байзакском районах Жамбылской области. В 1972 году впервые организовал музей истории и археологии при средней школе им. Чапаева Байзакского района Жамбылской области. В этом музее в период работы Т.Омарбекова экспонировались находки со средневековых городищ, памятники с раскопок древнего города Охум, древнетюркские каменные стелы, обнаруженные в результате археологических работ, проводимых научными сотрудниками Таразского областного музея.

Позднее при поддержке коллег Т.Н.Ссниговой и Н.И.Попова, участвовавших в раскопках средневекового Тараза, Т.Омарбеков проводил работы в городище Тегистек. В эти годы молодой историк начал публиковать статьи об истории средневековых городов Таразского региона, поселениях и крепостях на трассах Великого Шелкового пути. Одна из таких работ «История средневекового города Охум». Это оригинальное научное исследование получило одобрение у известного археолога, нашедшего «золотого человека», Кемаля Акишева, и с его положительной рецензией вышла статья в журнале «Білім және Еңбек» (в настоящее время журнал «Зерде»). Если бы Алма-Ата не была бы «закрытым» городом, в котором сложно было получить городскую прописку, возможно, Т.Омарбеков стал бы археологом.

Начиная с 1972 года, Т.Омарбеков начинает публиковать на страницах республиканской печати статьи по методике преподавания истории. В республиканских газетах «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі» и журнале «Қазақстан мектебі» систематически выходили его статьи по этой проблематике. Основная причина выхода этих статей это активное изучение будущим историком в годы обучения на историческом факультете проблем методики преподавания истории. Учитывая активную организационную работу в школе, педагогическую и научную деятельность, в 1974 году он был отмечен как «Победитель социалистического соревнования». Трудно сказать, что начало трудового пути молодого учителя было гладким. Были и препятствия для проведения систематических научных изысканий.

В период власти коммунистической партии руководство районного комитета партии выдвинуло молодого историка на работу в административном аппарате. Вставший на путь науки молодой историк был вынужден стать партийным чиновником.

Работа с 1975 года в организационном отделе районного комитета партии открывала перспективы для будущей административной карьеры, но в то же время породила сложности для молодого исследователя в плане становления его как историка. Вызывавшая у него интерес история средневековых городов бассейна Таласа не вызывала понимания со стороны партийных функционеров. Его публикации с 1972 года, посвященные изучению средневековой истории, попали в поле зрения районного

партийного руководства. Тот факт, что находящийся на партийной работе человек писал не о партийных делах, а занимался древней историей, вызывал недоумение у партийных работников. Этому вопросу специально посвятили партийное собрание и жестко указали на необходимость освещать именно работу партийной организации. После этого Т.Омарбеков принял твердое решение уйти в аспирантуру. Однако в те годы, поступить в аспирантуру можно было только по направлению вузов. Поэтому, даже сдав все кандидатские минимумы в период после окончания исторического факультета с 1971 по 1977 гг. и опубликовав около двадцати историко-исследовательских статей, ему пришлось столкнуться с трудностями при поступлении в аспирантуру. Став соискателем, он начал заниматься историей колхозного строительства в Казахстане.

В 1977 году, побывав на приеме у нового ректора КазПИ им. Абая Ж.Жумабекова, затем у зам. министра образования КазССР Л.Рустемова, он получил направление в очную аспирантуру от вновь открывшегося Аркалыкского пединститута. Согласно договору по окончании аспирантуры его должны были направить на работу в этот вуз.

Однако на третьем курсе аспирантуры безвременно ушел из жизни его научный руководитель Ж.Жумабеков, и возникли сложности с защитой диссертации. В 1980 году после окончания аспирантуры воспитавший его коллектив не направил в Аркалык, а оставил на работе у себя. Надо отметить, что большую помощь оказал в этом проректор КазПИ им. Абая М.Г.Арынов, позднее ректор Актюбинского педуниверситета. Работавший ранее ректором КазПИ им.Абая, ныне академик, К.А.Қасымов создал условия для молодого специалиста, предоставив ему квартиру. В коллективе, рядом со своими бывшими педагогами Н.Киикбаевым, И.Шамшатовым, К.Шулембаевым, он прошел трудовой путь от ассистента до доцента. В 1982 году защитил кандидатскую диссертацию по истории колхозного строительства. В 1988 году, вследствие изменений в руководстве КП Казахстана, стали подниматься вопросы о необходимости переосмысления по-новому истории Казахстана.

В это время молодой ученый был приглашен на работу старшим научным сотрудником сектора Института истории партии при ЦК КП Казахстана. В то время это научное учреждение

возглавлял известный в СССР академик Б.А.Тулепбаев. Вопросами идеологии в Казахстане в те годы занимались секретарь ЦК КП Казахстана У.Жанибеков и заведующий отделом идеологии К.Султанов. Болеющие всей душой за изучение истории и культуры Казахстана вышеуказанные личности во многом способствовали развитию новых подходов в исследованиях.

24. Алимгазинов К.Ш. Воспоминания участников гражданской войны в Казахстане как исторический источник применения методов многомерного статистического анализа. Алматы, 2002.
25. Алпысбаева Н.К. Материалы фонда Совета Народных комиссаров КАССР как исторический источник в изучении социально-экономических процессов в Казахстане (1925-1933 гг.). - Алматы, 2002.
26. Байгисиева З.М. Земледельческие и оседлые районы Казахстана в условиях насильственного развертывания колхозного движения: особенности и трагические итоги (1929-1935 гг.). - Алматы, 2001.
27. Батпенова З.С. Историография национального вопроса в Казахстане (1956-1996 гг.). Алматы, 1999.
28. Нурбетова Г.О. История идейно-политического и агитационно-пропагандистского обеспечения основных хозяйственно-политических кампаний тоталитарно-советского режима в Казахстане (1925-1933 гг.).- Алматы, 2001.
29. Тажмуханова Н.Е. Роль российских и казахстанских тюркологов в изучении духовно-культурных проблем истории древнего и средневекового Казахстана (с древнейших времен до середины XV в.). Алматы, 2007.

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ ЖАНЫНДАҒЫ
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ ҒЫЛЫМИ
ДӘРЕЖЕСІН БЕРЕТІН Д.53.33.01 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
КЕҢЕС МӘЖІЛІСІНІҢ СТЕНОГРАММАСЫ**

**СТЕНОГРАММА
ЗАСЕДАНИЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО СОВЕТА
ИНСТИТУТА ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМ. Ш.Ш.
УАЛИХАНОВА Д.53.33.01 ПО ПРИСВОЕНИЮ НАУЧНОЙ
СТЕПЕНИ ДОКТОРА НАУК**

Алматы қаласы

1 шілде 1994 ж.

Мамандандырылған кеңестің барлық мүшелері – 21

Мәжіліске қатысқандар - 14

Мамандандырылған кеңестің төрағасы – ҚР ҰҒА академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Қозыбаев.

Мамандандырылған кеңестің ғалым-хатшысы – тарих ғылым-
дарының кандидаты Ю.И.Романов.

Мәжілісті мамандандырылған кеңестің төрағасы, ҚР ҰҒА ака-
демигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Қозыбаев
жүргізіп отырды.

Кеңестің мәжілісіне қатысқандар:

1. Қозыбаев Манаш Қабашұлы 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы
2. Байпақов Карл Молдахметұлы - 07.00.06 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы
3. Романов Юрий Иванович - 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты
4. Ақышев Кемал 07.00.06 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы
5. Арғынбаев Халел 07.00.07 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

6. Асылбеков Мәлік-Айдар Хантемірұлы - 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

7. Әбжанов Ханкелді Махмұдұлы 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

8. Дулатова Дина Исабаевна – 07.00.09 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

9. Жақыпбеков Серік Құрманғалиұлы – 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

10. Қасымбаев Жанұзақ 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

11. Масанов Нұрболат Едігеұлы – 07.00.07 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

12. Мұқанов Мұрат Сәбитұлы – 07.00.07 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

13. Нұрпейісов Кеңес – 07.00.02 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы

14. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы – 07.00.07 мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы.

Мамандандырылған кеңестің мүшелері Әбілқожин Ж.Б., Буряков Ю.Ф., Галиев В.З., Ысмағұлов О.И., Зайберт В.Ф., Құсайынов А., Шәлекенов У.Х. объективті себептермен мәжіліске қатыса алмады.

Қозыбаев М. Қ. Мамандандырылған мәжілістің күн тәртібінде Омарбеков Таластың «Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы» атты тақырып бойынша тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғауы. Мамандығы 07.00.02 – Отан тарихы. Жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ТМД елдері тарихы кафедрасында орындалған.

Ғылыми кеңесші: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы профессор К.Нұрпейісов
Ресми оппоненттері: тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Балақаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Құсайынов, тарих ғылымдарының докторы И. Шамшатов.

Жетекші ұйым: Қазақ мемлекеттік басқару академиясының Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасы.

Ресми оппоненттердің екеуі мәжіліске қатысып отыр. Жетекші ұйымның пікірі бар.

Күн тәртібіне байланысты кімде қандай ұсыныс бар?

Дауыстар: бекітілсін.

Қозыбаев М.Қ. Осы күн тәртібі бекітілсін дегендер қолдарын көтерсін. Қарсылар? Қалыс қалғандар? Жоқ. Күн тәртібі қабылданды.

Сөз Омарбеков Таластың іс-қағазына қатысты материалдармен таныстыру үшін кеңестің ғылыми-хатшысы Юрий Иванович Романовқа беріледі.

Романов Ю.И. (Т. Омарбековтың жеке іс-қағаздарына қатысты материалдармен таныстырды).

Қозыбаев М.Қ. Ғалым-хатшыға сұрақтарыңыз бар ма?

Дауыстар: жоқ.

Қозыбаев М.Қ. Онда сөз диссертация авторы Омарбеков Таласқа беріледі.

Омарбеков Т. (Диссертациялық жұмысына қысқаша сипаттама береді).

Қозыбаев М. Қ. Ізденушіге сұрақтар бар ма?

Омарбеков С. Кезінде ірі байларды көмпескелеуге байланысты бірқатар заңдар қабылданғаны белгілі. Олар бойынша байлар үш топқа бөлініп көмпескеленді. Мүлікті, малды көмпескелеуге байланысты қабылданған заңдар тәртібі әрқашан сақталды ма?

Қозыбаев М.Қ. Көмпескенің дүркін-дүркін жүргізілгені белгілі. Өзіңнің жұмысында осыларды жүйеге түсіріп жаза алдың ба? Жалпы, өзің зерттеген кезеңде неше көмпеске болды? Бұл бір. Екінші: Жоғарғы кеңес байлардан көмпескеленген малдарды өз иелеріне қайтару керек дейді. Осы дұрыс па? Бұл туралы өзің не ойлайсың?

Асылбеков М.Х. Менің ізденушіге бірнеше сұрақтарым бар. Біріншіден, жаңа салынған Қазақстандағы өнеркәсіп орында-рындағы жұмысшылар кімдердің есебінен толықтырылды деп ойлайсың? Екінші, алтыншы тараудағы демографиялық апаттың қорытындылар туралы мәселені отырықшыландырудың ауыр салдарлары баяндалған бесінші тарауға неге бермедің? Үшіншіден, қазір колхоздар мен совхоздарды тарату керек деп жатырмыз. Ал сонда елді кім асырайды? Тағы да аштыққа ұрынып жүрмейміз бе?

Қозыбаев М.Қ. Басқа сауалдар жоқ болса ендігі сөзді қойылған сұрақтарға жауап беру үшін ізденуші Омарбеков Таласқа береміз.

Омарбеков Т. Құрметті кеңес мүшелері, сұрақтарыңызға жауап беруге рұқсат етіңіздер.

Құрметті Сапарғали Омарбекұлы, сіздің айтқандарыңыз рас, шынында да кеңес өкіметі мен үкіметі ірі байларды кәмпескелеуге байланысты бірнеше заңдар қабылдады. Олардың негізгілері және ең бастылары біздің диссертациялық еңбегімізде айтылған. 1928 жылғы 27 тамыздағы «Байлар қожалықтарын кәмпескелеу туралы» басты заң бойынша шынында да байлар үш топқа бөлініп кәмпескеленді. Алғашқы топқа көшпелі аудандардағы ірі қараға шаққанда 400 бастан астам малы барлар жатқызылса, екінші топқа жартылай көшпелі аудандардағы 300 бастан астам малдары барлар, ал соңғы үшінші топқа 100-150 бастан астам малдары бар отырықшы аудандағылар жатты. Осы жерде ескере кетерлік тағы бір мәселе – бес бас қой малы бір ірі қара және алты бас ешкі малы бір ірі қара болып саналады. Ал енді осы мәселеге байланысты қабылданған заң сақталды ма, бұлжытпай орындалды ма? – дегенге келсек, жоқ деп жауап берер едік. Жергілікті жерлерде асыра сілтеулер орын алып кетті. Заңдарда көрсетілген, тіптен кәмпескелеуге жатпайтын төрт қанат киіз үйлер, қос, азық-түлік, көйлек-көншек, тұрмыстық үй бұйымдары шын мәнінде жергілікті жерлерде кәмпескеленіп кетті. Мұндай жүгенсіздіктерге жол бермеу үшін Қазақстан өкіметінің басында тұрғандар жекелеген заттарды тіптен атап көрсетіп, кәмпескелеудегі асыра сілтеулерге тиым салатын қысқа жедел хаттар жөнелтті. Мысалы, архив қойнауында сағаттарды және тағы басқа заттарды кәмпескелеуге тиым салған Н.Нұрмақовтың және тағы басқа ресми кісілердің жедел хаттары сақтаулы.

Енді аса құрметті Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың сұрақтарына жауап берейін. Кәмпескенің бірнеше дүркін жүргізілгені рас. Олар астық дайындау және ет дайындау, ірі мал иелерін кәмпескелеу, байлар мен кулактарды жою, халық наразылықтарына қатынасқандарды жазалау, көшпелілерді отырықшыландыру, серіктіктер ұйымдастыру тәрізді науқандардан тұрады. Өз жұмысымызда біз бұларды рет-ретімен, жүйеге түсіріп баяндай алдық деп ойлаймын. Ал енді келесі сұраққа – қазіргі кезеңде бұрын байлардан

кәмпескеленген малдарды өз иелеріне қайтаруға келсек, осылай етуді әлеуметтік әділдік деп білемін. Шындық салтанат құрсын десек кәмпескеленген малдарды бұрынғы иелеріне немесе олардың заңды мұрагерлеріне қайтарған жөн. Әрине, кәмпеске шығындарын міндетті түрде малмен қайтару қажет деуден аулақпыз. Кезінде Ақпаев, Әлниязов, Шорманов тәрізді байларда он мың бастай қой малдары болғаны белгілі. Қазір мұндай мал тауып беру оңай емес. Кәмпеске шығындарын сондықтан да басқа жолдармен, ақша, шаруашылыққа қажетті техника, құрылыс объектілері және тағы басқа түрінде неге қайтармасқа. Біз міне осындай бағытты жақтаймыз.

Ал енді аса құрметті Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбековтың сұрақтарына тоқталар болсақ, алғашқы айтарымыз мынау: Қазақстанда жаңадан салынған өнеркәсіп орындары негізінен КСРО-ның Еуропалық бөлігінен келген келімсектер есебінен жасақталды. Аштықтан босып жүрген қазақтарды өндіріс орындарына орналастыруға жете көңіл бөлінбегені рас. Бұны біз өзіміздің диссертациялық еңбегімізде едәуір талдап көрсеттік.

Енді келесі сұраққа жауап берейін. Отырықшыландырудың салдарлары баяндалған бесінші тарауға демографиялық апаттың қорытындыларын беруге шынында да болатын еді. Бірақ алтыншы тараудағы «сталиндік-голощекиндік геноцидтің зардаптарын жоюға байланысты шаралар» демографиялық талдауларды қажет етті. Сондықтан да аталған мәселені алтыншы тарауға енгізгенді жөн көрдік.

Ал енді Мәлік-Айдар Хантемірұлының колхоздар мен совхоздарды тарату төңірегінде қойған сұрағына келсек, оларды тарату асықпағаны жөн. Колхоздар мен совхоздарды таратпастан бұрын оларды ауыстыра алатын балама шаруашылықтар құру қажет. Бәлкім бұрынғы байлар шаруашылығын қайта, жаңаша өркендеткеніміз жөн болар. Бүгінде батысқа еліктеп, біздің «фермерлер шаруашылығы» деп жүргеніміздің өзі нақ осы байлар шаруашылығы. Ауыл шаруашылығында жеке меншік байлар шаруашылықтарын жасап алмай колхоздар мен совхоздарды таратар болсақ, тағы да аштыққа ұрынамыз. Бұл тарих тағылымы. Одан сабақ алуға біздер міндеттіміз.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

Қозыбаев М.Қ. Омарбеков Таластың диссертациясына пікірлер келіп түсті. Енді соларды ғылыми кеңестің ғалым-хатшысы Романов Юрий Иванович таныстырады.

Романов Ю.И. Омарбеков Таластың диссертациясына келіп түскен пікірлер мыналар:

1. Изденушінің ғылыми кеңесшісі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор К. Нұрпейісовтың пікірі;

2. Ресми оппонент, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Балақаевтың пікірі;

3. Ресми оппонент, тарих ғылымдарының докторы, профессор А. Құсайыновтың пікірі;

4. Ресми оппонент, тарих ғылымдарының докторы, профессор И. Шәмшәтовтың пікірі;

5. Жетекші ұйым: Қазақ мемлекеттік басқару академиясының Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасының пікірі.

Диссертацияның авторефератына 4 пікір алынды. Оларды жазған ғалымдар:

✓ Тарих ғылымдарының докторы, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының саясаттану және тарих кафедрасының профессоры Ч. Мусин;

✓ Демограф-ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президент аппаратының информация және талдау Орталығының эксперт-сарапшысы, Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі М.Б. Тәтімов;

✓ Тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің архивтану және деректану кафедрасының меңгерушісі Х.М.Әбжанов;

✓ Тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Н.Ш.Жамансарин.

Диссертация бойынша пікір білдірушілердің бәрі зерттеу тақырыбының маңыздылығын, толғақтылығын атап көрсетіп, жұмыстың жаңа көзқараспен жазылғандығын, мәселені жан-жақты ашатынын, қажетті ғылыми-теориялық деңгейде жазылғандығын, Қазақстан тарихы ғылымына елеулі үлес қосатындығын айтады.

Пікір білдірушілер сондай-ақ, диссертацияның кемшіліктеріне де тоқталған.

Жетекші ұйымның қорытындысында Т.Омарбековтың диссертациясында 20-30-шы жылдардағы партия және қоғам қайраткерлерінің хаттары, еңбектері тек дерек ретінде ғана қарастырылғаны, олардың тарихнама үшін маңыздылығы ескерілмегені, жұмыстың кейбір жерлерінде ізденушінің сезім жетегінде кетіп, публицистикалық баяндауға жол беріп алатыны, Қазақстан мен көрші республикалардағы архив деректеріне және әдебиеттеріне аз назар аударатындығы көрсетілген.

Тарих ғылымдарының докторы, Қазақ ауыл шаруашылық институтының саясаттану және тарих кафедрасының профессоры Ч.Мусин диссертациядағы демографиялық мәселелер әлі де қосымша деректерге мұқтаж екендігін, онда негізінен тек орталық архивтердің деректерінің пайдаланылғанын, ізденушінің жазалау шараларына баса көңіл бөліп, біржақтылыққа салынып кететіндігін атап көрсетіп сынайды.

Тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің архивтану және деректану кафедрасының меңгерушісі Х.М.Әбжанов ізденуші мәселенің тек «ақтандақтарын» баяндап, біржақтылыққа жол беріп алатынын айта келе, барлық мәселелерді комплексті қарау керек еді дегенді айтады.

Тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Н.Ш.Жамансарин зерттеу жұмысында сол жылдардағы әр түрлі таптардың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйін талдау мәселесінің назардан тыс қалғанын сынайды.

Қозыбаев М.Қ. Осы айтылған сын-пікірлерге жауап беру үшін сөз ізденуші Т. Омарбековке беріледі.

Омарбеков Т. Бәрінен бұрын, менің диссертациялық еңбегіме назар аударып, оған өздерінің сын-пікірлерін жолдаған азаматтарға алғысымды білдіргім келеді. Сын-пікірлер негізінен орынды айтылған. Солай бола тұрса да бұларға байланысты менің өзіндік көзқарасым бар. Жетекші ұйымның айтқанындай біздің кейде сезім жетегіне ілесіп, публицистикалық сарынға бой ұруымызға зерттелген мәселенің кейбір тұстарындағы қазақ шаруаларын жантүршіктірерлік ауыр халі ықпал еткендігі рас. Сондай-ақ 20-30-шы жылдардағы жауапты мемлекеттік қызметкерлердің еңбектерінің тарихнама үшін маңыздылығын да мойындаймыз. Дегенмен де біз, бұлардың әсіресе деректік маңыздары жоғары деген

ойдамыз. Ал енді көрші республикалардың архив деректеріне келсек, олардың біраз құжаттары біз зерттеген Мәскеудегі және Қазақстандағы орталық архивтерде бар. Өз кезегінде біз оларды пайдаландық.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ч.Мусиннің сын-пікірлеріне келсек, біз ол кісінің демография мәселелері қосымша деректерге мұқтаж дегеніне қосыламыз. Алдағы зерттеу жұмыстарында ондай жаңа деректердің табылуы әбден мүмкін. Бірақ біз, өзіміздің тұжырымдарымызды дәлелдейтін жаңа деректерді аз келтірген жоқпыз деп ойлаймыз. Сондай-ақ, өз жұмысымызда кеңес өкіметінің жазалау шараларына баса көңіл бөлгенімізді растаймыз. Бұл кезінде тарих ғылымдарында айтылмай келген жабық мәселеге жататынын бәріңіз білесіздер. Олай болса жазалау шараларына баса назар аударуды біржақтылыққа салыну деген сынмен келісе алмаймыз. Тарих ғылымдарының докторы Х.М.Әбжановтың да осыған ұқсас сын айтып, біз тек мәселе «ақтаңдақтарын» жазған деп сынға алуын да қабылдай алмаймыз. Зерттеу тақырыбымыз «ақтаңдақтарға» тола болса, бұрынғы зерттеулерде кейбір мәселелер зерттеліп кеткен болса, біз неге «ақтаңдақтарға» баса көңіл бөлмейміз?

Ал енді басқа сын-пікірлерге қарсы пікіріміз жоқ. Барлық мәселені қамтуға диссертация көлемі де мүмкіндік бере қоймады. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет айтамын.

Қозыбаев М.Қ. Ендігі сөз ізденушінің ресми оппоненті тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Балақаевқа беріледі.

Балақаев Т. (Пікірін оқиды. Пікірі тіркелген).

Қозыбаев М.Қ. Ресми оппоненттің сын-пікірлеріне жауап беру үшін сөз ізденушіге беріледі.

Омарбеков Т. Менің жұмысыма байланысты тұжырымдарын және пікірлерін айтқан Төлтай Балақайұлына алғыс айтамын. Ал енді ол кісінің сын-пікірлеріне келсек, бұл туралы менің өз көзқарасым бар. Диссертация сыртына зерттеудің хронологиялық шеңберлерін беру міндетті емес деп ойлаймын. Бұл тақырыптың қай жылдарды қамтитынын қазір тарихшылар жақсы біледі. Халық шығыны туралы мәселеге келсек, біз бұл туралы өз пікірімізді айтқанбыз, оған байланысты ғылыми мәліметтерімізді диссертацияның алтыншы тарауындағы демографиялық апат туралы параграфта келтірдік. Шаруалар көтерілісі республика бойынша

жинақтап көрсетілмеген сынмен де келісе алмаймын. Диссертацияда осы туралы «Шаруалар көтерілісінің себептеріне, қозғаушы күштеріне және сипатына жаңаша көзқарас» деп аталатын тарау бар. Ал енді диссертацияда аштық туралы коркем шығармаларды пайдалана алмағаным рас. Өйткені олар диссертация көлемін өсіріп жіберетін болды.

Қозыбаев М. Қ. Келесі сөз ресми оппонент, тарих ғылымдарының докторы, профессор И. Шәмшәтовке беріледі.

Шәмшәтов И. (Пікірін оқиды. Пікірі тіркелген).

Қозыбаев М. Қ. Ресми оппоненттің сын-пікірлеріне жауап беру үшін сөз Т. Омарбековке беріледі.

Омарбеков Т. Ибрагим Шәмшәтұлына диссертациямды оқып, талдап, пікір айтқаны үшін рахмет айтамын. Дегенмен де ол кісінің кейбір пікірлерімен келіспеймін. «Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау көтерілістерін ұйымдастырушылар туралы аңыз» атты параграфты шығарып тастауға болмайды деп ойлаймыз. Әңгіме «аңыз» туралы емес, ОГПУ-дың қазақ интеллигенциясына жапқан жаласы туралы екенін ұмытуға болмас. Ал енді «көшпенді» деген сөзді «көшпелі» деген сөзбен ауыстыру туралы ұсынысқа келсек, бұл сөздердің екеуін де қатар қолдануға болады деген пікірдемін. Белгілі тарихи романда авторы Илияс Есенберлиннің еңбектері «Көшпенділер» деген атпен жарық көрді емес пе.

Қозыбаев М. Қ. Ізденушінің келесі ресми оппоненті, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ақмола педагогтық институтының ректоры Амангелді Құсайынов объективті себептермен қорғауға келе алмады. Бірақ оның жазба пікірі қолымызда. Енді мен сіздерді осы пікірмен таныстырғалы отырмын. Қарсылық жоқ па?

Дауыстар: қарсылық жоқ.

(Қозыбаев М. Қ. пікірді оқиды. Пікір тіркелген).

Қозыбаев М. Қ. Ресми оппонент тарих ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Құсайынұлының сын-пікірлеріне жауап беру үшін сөз ізденушіге беріледі.

Омарбеков Т. Жұмысыма объективті баға берген Амангелді Құсайынұлына рахмет айтамын. Ал ол кісінің сын-пікірлерімен негізінен келісемін. Тек бір ғана мәселенің басын ашып алғанды жөн көремін: біз өзіміздің жұмысымызда А. Құсайынов айтқандай тап күресін мүлдем жоққа шығарған жоқпыз. Біз қазақ ауылында

әлеуметтік теңсіздік болғанын және сол негізде тап күресі болғанын мойындаймыз. Бірақ бұл тап күресі, біздің ойымызша, теоретиктер айтып жүрген антогонистік деңгейге көтеріле қойған жоқ. Міне сондықтан да қазақ ауылында революциялық төңкеріс орын алмады.

Қозыбаев М.Қ. Енді диссертация бойынша пікір алысуға көшейік. Кімнің сөз алғысы келеді. Алғашқы сөз ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Ғ Сапарғалиевке беріледі.

Сапарғалиев Ғ. Бұл диссертация меніңше, ең құнды, бұрын зерттелмеген, белгісіз деректерді қозғаған. Әрине, оның бәрін айтып жату өте қиын, Сіздер өздеріңіз оқыдыңыздар ғой. Жоғарғы кеңестің осы мәселе бойынша қабылдаған қорытындысы да бар. Бірақ, онда көптеген мәселе айтылған жоқ. Ал бүгін Талас Омарбеков осы мәселені зерттеуге көп үлес қосып отыр. Бұл бір. Оның екінші үлесі мен айтар едім, біздің заң ғылымына қатысы бар мәселелерді тереңдете зерттеп, қарайтындығында. Біздің заңгерлердің қолына бұл мәселенің материалдары осы күнге дейін тиген жоқ. Себебі бұл жайлы естіп-білгеніміз де болған жоқ. Сондықтан да осы күнге дейін заманға байланысты біз әрине, ештеңе жасағанымыз да жоқ. Бүгінгі күнге байланысты «үштік», «бестік» соттарының материалдарын жинап, соны жан-жақты қарастыра зерттеу тек тарихшыға ғана емес, заңгерге де қажет. Бұл туралы тұңғыш рет жан-жақты көрсету меніңше, Т. Омарбековтың үлкен ерлігі. Мұндай диссертацияны қазақ тілінде жазудың өзі де үлкен ерлік. Әрине, жұмыстың тек жақсы жағына ғана назар аударып қоймай, жаман жағына да көңіл аударғанымыз жөн. Сонымен қатар тағы да ескерте кететін тағы бір мәселе бар. Біріншіден, дерек туралы сөз қозғағанда Талас оларды үш топқа бөледі: олар жеке адамдардың құжаттары сонымен қатар, партия органдары құжаттары, онан соң мемлекеттік органдар құжаттары. Диссертант Голощекиннің құжаттарын талқылап, оны бірінші топқа енгізеді. Меніңше бұл дұрыс емес сияқты. Голощекин құжаттары ресми түрде жазылған партиялық құжаттар ғой. Мұндайлар жеке адамдар құжаттарына жатпайды. Себебі онда ол адамның өзінің көзқарасы емес, ресми көзқарас білдірілген. Осыны естен шығармайық. Бұл тек қана Омарбековтың диссертациясына ғана емес барлық тарихшыларға, зерттеушілерге байланысты мәселе. Екіншіден, сол комиссия құрамында жұмыс істегендер,

Жоғарғы кеңес, Шығыс Қазақстан облысының архивынан материалдар жинады. Менің естеріңізге салайын дегенім, барлық архивтегі материалдар республика астанасында шоғырланбаған, бір жерге жиналмаған. Көптеген материалдар облыстарда жатыр. Әсіресе, мына КГБ-ның материалдары облыстарда жатыр. Басқа жерлерде де бар әрине. Себебі, мен аталған облыста екі аптадай жұмыс істегенімде көптеген, бұрын кездестірмеген материалдарды содан таптым. Олар кезінде құжаттарды өздерінде қалдырған, жоғарыға ешкімге жібермеген. Енді ешкімнің қолына да бермейді. Ал мені Жоғарғы кеңес атынан барғаннан кейін ғана архивке жіберді. Сұрағанымның бәрін көрсетті. Онда керемет құнды материалдар жатыр. Соны болашақта зерттеушілер зерттеп көрсетсе екен деймін.

Енді қысқартып айтсақ, меніңше, Омарбеков жолдас тарих ғылымының докторы дәрежесіне өзінің лайық екенін тек осы диссертациясында ғана емес, бұдан бұрын да басылған көптеген еңбектерінде анық көрсетіп отыр. Рахмет сізге.

Қозыбаев М.Қ. Сөз тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаевқа беріледі.

Қасымбаев Ж. Бүгінгі ғылым докторлығы дәрежесіне қорғалып жатқан диссертацияның көп зерттеулерден бір ерекшелігі – оның авторы көпшілік қауымға белгісіз, ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивында бұрын жабық болған, азаматтардың, зерттеушілердің қолына тимеген әр түрлі деректерді пайдаланған. Осындай диссертацияны өмірге келтіру – автордың үлкен ерлігі деген қорытындыға келіп отырмын. Екіншіден, 20-30 жылдар қазақ халқының, басқа да халықтардың өмірінде аса қасіретті кезең екенін біліп, сезіп жүрдік. Бірақ, тоқырау заманында оны бізге айтқызбайтын, жазғызбайтын. Жазатын болсақ, тек бір сипатта коммунистік идеологиялық саясаттың тұрғысында ғана көрсететінбіз. Таластың диссертациясы мәселені кең сипатта, жаңаша қарастырады. Теориялық жағынан да мәселе жақсы сипатталған. Сонымен қатар автор өзінің ой-пікірін жасқанбай, қорықпай, жасырмай, қайталамай жаза білген. Сондықтан да бұл диссертация жалпы алғанда, кемеліне келген, шегіне жеткен диссертация болып саналады. Жалпы Таластың тілі жақсы. Ол бір жағынан тарихшы, бір жағынан журналист. Бірақ кейде ол диссертация авторефератында түсініксіз орыс сөздерін келтіреді.

Мысалы, авторефераттың 17 бетінде «контрактациялау» деген сөз бар. «Контракт» деген сөз сіздерге белгілі, ал «ция» дегенді Талас өзі қосып отырған тәрізді. Осындай сөздердің мәнін біліп жазған дұрыс деп есептеймін. Тағы бір айтарым, Талас көп жазады, көп жариялайды. Әсіресе, көпшілік қауымға арналған мақалалары мен кітаптары өте қажет болып жатыр. Алайда Талас өз еңбектерін әртүрлі ғылыми журналдарда да көптеп шығаруға көңіл бөлгені жөн. Жалпы алғанда бұл диссертация 20-30 жылдардағы Қазақстандағы қазақ қауымының қасіретін ашып көрсететін, сталиндік күшпен коллективтендіруге арналған, соның салдарын анық көрсететін халықтың сталиндік коммунистік саясатқа, жасанды коллективтендіруге қарсы әрекетін айқындаған бірден-бір бағалы диссертация. Диссертантты әбден қалыптасқан зерттеуші, тарих ғылымының докторы атағын алуға лайық деп есептеймін. Рахмет.

Қозыбаев М.Қ. Келесі сөз тарих ғылымдарының докторы, профессор Хамит Мадановқа беріледі.

Маданов Х. Бүгінгі Таластың диссертациясы Қазақстан тарихына бетбұрыс жасап отыр. Әрине, қазір, Қазақстанның өтпелі кезеңінде оның кешегісі мен бүгінгісін зерттеп жатқан тарихшылар көп. Олар әртүрлі деңгейде, әртүрлі дәрежеде, әртүрлі білімдерімен көрініп жүр. Солардың ішінде мен, Таласты жақсы, көрнекті зерттеушілердің бірі деп есептеймін. Таластың үлкен бір еңбегі, осы бүгінгі диссертациясы. Талас өзі еңбекқор, аянбай еңбектенетін тарихшы. Әрі сондай белсенді адам. Оның жарияланған, үлкен еңбектерін газеттерде, журналдарда жұрттың бәрі оқып жүр және бұлардың көпшілігі өзіндік пікірімен, өзіндік ойларымен ерекшеленеді. Ал енді менің айтайын деп тұрғаным: жаңағы ресми оппоненттердің барлығы бұл еңбекке жақсы баға беріп, өте дұрыс айтты. Бұл диссертация өте бағалы. Онан соң, біздің келешегіміз, тарих ғылымының келешегі осындай Талас тәрізді жастардан, осындай жасөспірімдерден тұрады. Ал енді жасөспірімдердің қайда кетіп бара жатқанын қазірдің өзінде үлкен еңбектерімен танымал абзал азамат Таласты көреміз. Сондықтан мен, Таласқа доктор деген атақ беру керек деп ойлаймын. Ал енді мұны шешетін үлкен кеңестің үлкен мүшелері бір ауыздан осындай дұрыс шешім қабылдайды деп ойлаймын. Рахмет.

Қозыбаев М.Қ. Ендігі сөзді «Ақиқат» журналының бас редакторы Сарбас Ақтаев алады.

Ақтаев С. Талас жақсы ғалым. Оның үстіне қазақша жақсы біледі. Бұл ғалымға қажет ең басты қасиет. Ол жаза білетін тарихшы ретінде біздің тарихымызға үлкен үлес қосуда. Екіншіден, диссертация тақырыбы аз зерттелген тақырып. Тәркілеу кезінде біз орта шаруаларды қырып салғанбыз. Міне, осыны көрсетіп, қайта жандандырып, бұл туралы көп деректер жинаған Талас. Оның үстіне Талас көп деректер жинаған және оны әртүрлі баспа орындарында жариялап отырған. Бұл еңбектер Таласпен таласпай-ақ оған тарих ғылымдарының докторы атағын бере салуы керек екендігін көрсетеді. Менің осы сәтті пайдаланып тарихшы ғалымдарға айтар тілегім бар: тарихшылар тек архив материалдарын пайдаланумен шектелмеуі керек. Оқиға туралы естеліктерді де кеңінен пайдаланған жөн. Архив деректеріне де сене беруге болмайды. Мысалы, осы жылдары Қазақстанда 372 көтеріліс болды деп жүрміз. Осының бәрі шын мәнінде көтеріліс пе? Меніңше, жәй бас көтерулер көп. Ал шын көтерілістер Талас жазған 15 ірі көтеріліс. Соларды дұрыстап зерттейік. Ал бүгінгі Таластың ғылыми жұмысы тарих ғылымының докторы дәрежесіне әбден сай.

Қозыбаев М.Қ. Сөз ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейісовке беріледі.

Нұрпейісов К. Менің айтайын дегенім, осы соңғы кезде біздің мамандандырылған кеңесімізде өте жақсы диссертациялық жұмыстар қорғалып жатыр. Алғаш Мәмбет Қойгелдиев, енді міне Талас Омарбеков өз жұмыстарын ұсынды. Осы екі диссертацияда біздің зиялы қауымның үлкен сұранысына және үлкен ықыласына ие болды. Бұл өте заңды. Өйткені, Мына Сәкен айтқандай, бұл диссертациялар мақтауға лайық, әрі «ақтаңдақ» мәселелерді ашатын ғылыми зерттеулер.

Екіншіден, осы Талас пен Мәмбет екеуі «Ақиқат» журналына көптеген мақалалар беріп, осы журналды тарихшылар журналына айналдырды. Мәмбет те, Талас та осы журналда екі жылдай белсенділік көрсетіп, журналды қазақстанда ғылыми-теориялық басылымдар деңгейіне көтерді. Журнал тіптен, ұлттық журналға

айналды. Менің айтайын дегенім, Т. Омарбековтың диссертациясы әбден иі қанған және өте жақсы жазылған жұмыс.

Қозыбаев М.Қ. Келесі сөз филолог-ғалым Сейітбек Нұрқановқа беріледі.

Нұрқанов С. Менің Талас еңбектерімен жақын танысқан кезім, Қазақ радиосына «Тарих тағылымы» деген хабарлар сериясына шақырылған кезім. Сонда Талас Қазақстандағы аштық, күшпен коллективтендіру және т.б. қызықты хабарлар топтамаларын беріп өзінің білімділігін танытты. Екіншіден, тарихымыздың өзі осы уақытқа дейін бір жақты жазылды ғой. Біздің тарихымыздан алған тағылымдарымыз жеткіліксіз. Міне осы олқылықтардың орнын бүгінгі диссертация толықтырып жатыр. Міржақып Дулатовта мынандай сөз бар: «Қорғайтын егескенде ел намысын, бұл ертеңде ер жеңер». Осының дұрыстығына менің Мәмбет қорғағанда көзім жетіп еді, енді Талас қорғағанда тағы да көзім жетті. Бұлар тек өздерінің диссертациясын ғана қорғаған жоқ, бұлар біздің салтымыз, оның тарихи маңызын қорғап отыр. Бұлардың докторлар қатарларына лайық екендіктері еш күмән туғызбауы тиіс. Бұларға сәт сапар тілеймін. Рахмет.

Қозыбаев М.Қ. Ал енді тоқтайық. Біріншіден, айтайын дегенім, кешегі Мәмбеттің қорғаған тақырыбы да, бүгінгі Таластың қорғап жатқан тақырыбы да аспаннан түсе қойған жоқ. Бұл академияның күн тәртібіне қойып, зерттеген тақырыбы. Мен мысалы екеуін Жоғарғы Кеңестің Комиссиясы құрамына кіргізбесем, бұлар мұнда әрине тұмсықтарын да сұға алмас еді. Бұл бір. Екіншіден, осы Талас та, Мәмбет те біздің қасымыздағы түлектер. Біз ағаларының соңынан осындай інілер ілескеніне қуанамыз. Үшінші айтайын дегенім, Таласқа ешкімнің таласы жоқ. Ол басы ашық әңгіме. Бірақ, осы диссертация қорғалып жатқан күні біз Таласқа жаңа талап қоюымыз керек. Талас жеңіл жолмен жүріп кетпеуі керек. Таласқа біздің артар жүгіміз ауыр. Сондықтан да біз оны қазір мақтағаннан гөрі, оған талапты көбірек қоюымыз керек. Мен сол талаптар туралы айтайын: мына диссертацияда тарихнама деген бөлім бар. Біз осы мәселені зерттегенімізде өзіміздің зерттеуші қауымға деген ықыласымыз да дұрыс болуы керек. Мен бір мысал келтірейін. Біздің алдымызда Әбді Бочиневич деген бір ағамыз бар. Одан үлкен аграрлық ғалым жоқ бізде. Ал енді бүгінгі Таластың диссертациялық тақырыбына Әбді біздің

бәрімізден бұрын келді. Оның үстіне Әбді осы оқиғалар ішінде жүрген адам. Оның бір ғана кемшілігі бар: шындықты толық айтуға мүмкіндігі болмады. Сонда немене дәл бүгін ардагерлерге кінә жабуымыз керек пе? Талас былай деп жазады: Тұрсынбаевтың «белсенді зерттеушілік жылдарының әкімшіл-әміршіл коммунистік жүйе кезеңіне сәйкес келгеніне және сол жүйенің игілігіне жұмыс істегеніне еріксіз қынжыласыз». Әрине, шындықты айтуымыз керек, бірақ бір-бірімізді аяуымыз да керек. Бір айтайын дегенім осы. Екінші айтайын дегенім, Сәкең айтып жатыр ғой («Ақиқат» журналының бас редакторы): көп жазады, жақсы жазады Талас деп. Бұл дұрыс. Менің алдымда Таластың «Халық қаһары» деген мақалалары жатыр. Солардың бірі мінеки – Сарбаздар (Ырғыз) көтерілісі. Талас былай деп жазады: «Ырғыз, Қарабұтақ, Торғай, басқа аудандарда 1930 жылдың алғашқы айларында-ақ, халық жаппай атқа қонды. Жағдай әсіресе, Ақтөбе округінің Дамбар, Қарабұтақ, Ырғыз аудандары аймағында шиеленісе түсті...» Бұл жерде Талас географияны жақсы білмей отыр. Домбаровка Ресей жерінде. Жазардан бұрын асықпай осындайларды анықтап алу керек. Міне сондықтан да біздің Таласқа асықпа дегенді айтқымыз келеді.

ҚРҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбеков сөз сұрайды.

Асылбеков М. Х. Т.Омарбековтың жұмысының құндылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл түсінікті. Ал кемшіліктерге келсек, маған ұнамағаны ізденушінің кейбір мәселелерді бір жақты баяндап кететіні. Ізденуші диссертациясында байларды мадақтайды, кедейлерді жамандайды. Тап күресін жоққа шығаруға болмайды ғой. Кезінде Махамбет: «Өздеріндей хандардың, қарны жуан билердің, атандай даусын ақыртып, басын кессем деп едім», - деп неге айтты? Соны ойлаған жөн болар. Онан соң, диссертацияда қаралау жағы басым сияқты. Сол жылдар ешқандай жақсылық болмағаны ма? Жалпы айтайын дегенім, кеңес мүшелері өздерінің пікірлерін де, дауыстарын да мұндайда жасырмай ашық көрсетіп берулері керек. Ал Т.Омарбековтың диссертациясы докторлық атақ беруге тұратын жұмыс.

Қозыбаев М. Қ. Тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсан Әлімбаев сөз сұрайды.

Әлімбаев Н. Диссертацияның құнды жақтары аз айтылған жоқ. Ал бұдан онда кемшіліктер жоқ деген тұжырым жасалмауы керек. Мәселенің тарихнамасында және теориялық бөлімдерінде кейбір еңбектер ізденуші назарынан тыс қалған. Оның ішінде мысалы, менің Новосибирскіде жарық көрген жұмысым да бар. Онан соң ізденуші осы тақырыпты жаңаша зерттеуге М. Қ. Қозыбаевтың еңбектері бастау болды деген тұжырым жасайды. Шындығында, М. Қ. Қозыбаевтан бұрын да бұл тақырыпты жазған кісілер бар. Солар туралы да айту керек еді.

Қозыбаев М.Қ. Н. Әлімбаев мәселені мен Қозыбаевтан бұрын зерттеген едім дегенді айтқысы келсе керек. Сөз ізденуші Т.Омарбековке беріледі.

Омарбеков Т. Менің диссертациялық жұмысыма жылы лебіз, өзіме тілектестік білдірген кісілердің бәріне рахмет. Дегенмен де кейбір пікірлерге қосымша түсініктеме беру қажет болып тұр. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қасымбаевтың «контрактация» деген сөзге байланысты пікірі мәселені білмегендіктен айтылды. Ол біздің сөзіміз емес, ресми үкімет қаулыларында осылай берілген. Ал оны қазақша аудармасын дәл сол, авторефераттағы 17 беттің өзінде «шарт жасау» деп бергенбіз. Ал енді Н.Әлімбаевтың пікіріне келсек, ол кісінің коллективтендіру тарихына байланысты кандидаттық диссертациясы туралы пікірімізді біз, диссертациямыздың тарихнамаға арналған тарауларында жаздық. Рас, ол авторефератқа кірмей қалды. Ал, М.Қ.Қозыбаев туралы Н.Әлімбаев айтқан пікірмен келісе алмаймын. М.Қ.Қозыбаевтың коллективтендіру туралы еңбектерінің Қазақстан тарихында өзіндік орны талас тудырмауы керек деп ойлаймын. Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін сіздерге тағы да рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Қозыбаев М.Қ. Құрметті ғылыми кеңес мүшелері есеп комиссиясының құрамын белгілеуіміз керек. Оның құрамына мына кісілер ұсынылады: ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Х.Асылбеков, тарих ғылымдарының докторы М.С.Мұқанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Д.И.Дулатова. Қарсылық жоқ па?

Дауыстар: бекітілсін.

Қозыбаев М.Қ. Есеп комиссиясы осы құрамда бекітілсін деген кісілер дауыс берсін. Түсіріңіздер. Қарсы. Жоқ. Кім қалыс қалды? Жоқ. Есеп комиссиясы бір ауыздан сайланды.

Күпия дауыс беру үшін үзіліс жарияланды.

Үзілістен соң.

Қозыбаев М.Қ. Жұмысты жалғастырамыз. Сөз есеп комиссиясының төрағасы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбековке беріледі.

Асылбеков М.Х. Қазақстан Республикасы ҰҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жанындағы Д. 53.33.01 мамандандырылған ғылыми кеңес сайлаған есеп комиссиясының хаттамасымен өздеріңізді таныстыруға рұқсат етіңіздер. Есеп комиссиясының құрамы: ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Х.Асылбеков, тарих ғылымының докторы М.С.Мұқанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Д.И.Дулатова. Есеп комиссиясы тарихы ғылымдарының докторы дәрежесін алуға ізденуші Талас Омарбековтың алған дауыстарын санау үшін құрылған. Даярланған бюллетендер - 14, кеңес мүшелеріне таратылғаны 14. Таратылмаған бюллетендер жоқ.

Дауыстар беру нәтижелері: Омарбеков Таласқа тарих ғылымдарының докторы дәрежесін беруге 14 кеңес мүшелері дауыстарын берді. Қарсылар жоқ, жарамсыз бюллетендер жоқ.

Қозыбаев М.Қ. Есеп комиссиясының хаттамасын бекітуге шақырамын. Дауыс беріңіздер. Түсіріңіздер. Кім қарсы? Жоқ. Кім қалыс қалды? Жоқ. Есеп комиссиясының хаттамасы бір ауыздан бекітілді. Сонымен, «Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы және тағылымы» деген тақырыпқа жазылған диссертацияны жария қорғау және оған күпия дауыс беру нәтижесін (келісемін - 14, келіспеймін – жоқ, жарамсыз бюллетендер жоқ) негізге ала отырып Қазақстан Республикасының ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жанындағы Д. 53.33.01 мамандандырылған кеңес Омарбеков Таласқа 07.00.02 – Отан тарихы мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беруді ұйғарды.

Қорғау құжаттары бекітуге Қазақстан Республикасы ЖАК-на жіберіледі.

Енді диссертация бойынша қорытынды қабылдауымыз керек. Оның жобасы кеңес мүшелеріне таратылған. Жоба бойынша ескертулер бар ма? Менің ойымша жобаны осы күйінде қабылдауға болады. Осы ұсынысқа дауыс берулеріңізді өтінемін. Кім қолдайды? Түсіріңіздер. Кім қарсы? Жоқ. Кім қалыс қалды? Жоқ. Қорытынды бір ауыздан қабылданды.

Т.Омарбековтың «Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы» деген тақырыпқа жазылған докторлық диссертация бойынша

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйе жағдайында Қазақстан тарихшылары қазақ шаруаларының 20-30 жылдардағы қасіретін зерттей алмады... Т.Омарбековтың диссертациясы осы оқылықтың орнын толтырудағы алғашқы қадам. Көшпелілерді отырықшыландыру мәселесінің жалпы адамзаттық процесс, дүниежүзілік тарихтың зерттеу тақырыбы болуы да диссертацияның ғылыми құндылығын арттыра түседі.

Зерттеудің жаңалығы оның бұрынғы біржақты таптық, партиялық принциптерден бас тартып, ғылыми объективтілік, тарихилық тәрізді жаңа методологиялық принциптерді басшылыққа алуынан және осыған дейін, бұрынғы тоталитарлық жүйе жылдарын еңбектерінде көтерілген мәселелерді сын көзбен түбірінен қайта қарап, бұрын ғылыми айналымға шықпаған жаңа, тың архив деректері негізінде осы уақытқа дейін осы тақырыптың «ақтаңдақтары» болып келген көптеген жабық мәселелерді алғаш рет арнайы да нақты зерттеуден және оларға жаңа сипаттамалар мен бағалар беруден көрінеді.

Т.Омарбековтың диссертациясында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді: 20-30 жылдардағы қазақ шаруаларының күрделі тарихының деректерін сұрыптаудың жаңа әдісі (18-20 б.), мәселенің тарихнамасын жаңа кезеңдерге бөлу ұсынылды (41-43 б.); бұрын тарихи еңбектерде дәріптеліп келген ірі мал иелерін меншігінен айырудың қатыгез де тұрпайы механизмі тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан әшкереленді және айыпталды (114 -144 б.); Кеңес үкіметінің астық және ет дайындау науқандарының зорлықпен жүргізілгені және жаппай жазалау сипатын алғаны (61-113 б.), ал

мұның өзі дәстүрлі мал шаруашылығын күйреткені (269-283 б.) нақты деректермен дәлелденді; ауқатты шаруаларды тап ретінде жою саясаты адам құқын аяқ асты ету көрінісі ретінде отандық тарихта айыпталды (144-173 б.); қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландырудың сәтсіздікке (235-269 б.) ұшырау себептері терең талданды (283-317 б.); күшпен меншіктен айыруға және ұжымдастыруға қарсы болған шаруалар көтерілістері мен наразылықтарына тарих ғылымында тұңғыш рет жаңа сипаттамалар (144-196 б.) мен бағалар берілді; осы жылдардағы қазақ шаруаларының жаппай аштыққа және босқыншылыққа ұшырауының әлеуметтік-демографиялық салдарлары тың архив деректері негізінде жан-жақты зерттеліп (283-317 б.), адам шығынының көлемін нақтырақ анықтауға әрекет жасалды (318-360 б.).

Диссертация кәсіби шеберлікпен, жоғары ғылыми-теориялық деңгейде орындалған.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы оның құнды деректік материалдарының Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындыларында (қараңыз: «Егеменді Қазақстан», 1992, 22 желтоқсан) және өл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-де Қазақстан тарихынан оқу бағдарламаларын және құралдарын жасауда, арнайы курстар оқуда пайдаланудан көрінеді. Оның тың тұжырымдары республикалық ақпарат құралдарының хабарларында және жарияланымдарында жыл сайын ашаршылық құрбандарын аза түту шараларында кеңінен пайдаланылуда. Диссертацияның қағидалары мен қорытындылары Қазақстан тарихына жазылатын болашақ іргелі еңбектерге арқау бола алады.

Диссертацияның негізгі мазмұны авторефератта, кітапта және 50-ден астам мақалаларда жарияланды.

Т.Омарбековтың диссертациясы дербес, тарих ғылымына елеулі үлес қосатын толық аяқталған ғылыми жұмыс және ол 07.00.02 - Отан тарихы мамандығынан докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келеді.

Диссертацияның классификациялық белгілері

1. Диссертация нәтижелерінің сипаты
 - 1.1. Маңызды халық шаруашылық әлеуметтік мәні бар ғылыми мәселені шешу
2. Диссертация нәтижелерінің жаңалық деңгейі
 - 2.1. Нәтижелері жаңа болып табылады
3. Диссертация нәтижелерінің құндылығы
 - 3.2. Жоғары
4. Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы
 - 4.3. Бастамалық жұмыс
5. Қолданбалы маңызы бар диссертация нәтижелерін қолдану деңгейі
 - 5.2. Салааралық деңгейде
 - 5.3. Салалық ауқымда
6. Қолданбалық маңызы бар диссертация нәтижелерін кеңінен қолдану жағдайындағы ұсыныстар
 - 6.1. Кеңінен қолдануды қажет етеді.

Мамандандырылған кеңестің төрағасы,
ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының
докторы, профессор М. Қ. Қозыбаев

Мамандандырылған кеңестің
ғалым-хатшысы, тарих ғылымдарының
кандидаты Ю. И. Романов

БІРЛЕСІП ЖАЗҒАН АВТОРЛАРДЫҢ ЕСІМ КӨРСЕТКІШІ

ИМЕННОЙ УКАЗАТЕЛЬ СОАВТОРОВ

Атабаев Қ. М	31
Арепова А.	210
Әбенайұлы Т.	223, 252
Ғабжалилов Х. М.	206, 208, 209, 211, 212, 219, 230, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 262, 263
Егеубаев А.	215
Жайықбаев М.	257
Жумабаев Ж. Ж.	28
Исмайлов С.	27
Кішібеков А.	27
Кәрібаев Б. Б.	208, 211, 212, 224, 230, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 262, 263
Қозыбаев М.Қ.	229
Қойгелдиев М. Қ.	77, 82, 99
Маданов Х. М.	37
Мырзаханов Т.	27
Мухатова О. Х.	231
Ноғайбаева М.	232
Омарбеков Ш. Т.	203
Тұрлығұл Т.	229
Шаяхметов Н.	228
Хабижанова Г.Б.	262

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	7
Тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбековтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....	9
Профессор Т.Омарбековтың ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі.....	13
Профессор Т.Омарбеков еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	40
Профессор Т. Омарбековтың ғылыми жетекшілігімен қорғалған диссертациялар.....	59
Стенограмма.....	62
Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіші.....	82

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие	8
Основные даты жизни и деятельности доктора исторических наук, профессора Т. Омарбекова	11
Краткий очерк научно-педагогической, организаторской и общественной деятельности профессора Т. Омарбекова.....	26
Литература о жизни и научных трудах профессора Т. Омарбекова.....	39
Хронологический указатель трудов, профессора Т. Омарбекова.....	40
Диссертации, защищенные под научным руководством Т. Омарбекова	59
Стенограмма	62
Именной указатель соавторов	82

Талас Омарбеков

Библиографиялық көрсеткіш

*Редакторлары: А.Х.Шуриева, В.Сейтқулова
Компьютерде беттеген З.Т.Ақжанова*

ИБ № 4165

Басылуға 04.05.2008 жылы қол қойылды. Пішімі 60х90 1/16. Көлемі 5,375 б.т.
Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс № 091. Таралымы 300 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050038, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды →